



Түркістан облысының білім
саласында сапаны қамтамасыз
ету департаментінің басшысы
Г. Алматовқа

**Жетісай ауданы «КӨМЕК АТА» бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі
шектеулі серіктестігіндегі мемлекеттік аттестаттау барысында
анықталған кемшіліктердің жойылғандығы туралы
ЕСЕП МӘЛІМЕТ**

**«Көмек ата» бөбекжай-балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі 2024 жылдың мамыр айында мемлекеттік аттестаттаудан
өткізілді. Мемлекеттік аттестаттау барысында төмендегі кемшіліктер
анықталды:**

**1. Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру
кезінде талаптары сақталмаған. Балабақшаның ҰББДҚ -ындағы
балаларды жас ерекшелігіне қарай топтастыруды реттеу.**

Кемшіліктер түзетілді: Балалардың жасын ескере отырып, жас
топтарын қалыптастыру кезіндегі талаптар бойынша қателікпен жұмыс
атқарылып кемшілік жойылды. Атап айтқанда балабақшаның ҰББДҚ қоры
мәліметтері талапқа сәйкестендіріліп, 2023-2024 оқу жылында
тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы (3 қосымша) толықтырылып
төменде құжат танысу үшін ұсынылды. Сонымен қатар тәрбиеленушілерді
бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік
жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз
аралығында жүзеге асыруда жіберілген қателіктер талапқа сәйкестендірілді.
Құжаттары балабақша сайтының кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне
орналастырылды.

**2. «Көмек ата» бөбекжай-бақшасы» ЖШС-нің ұсынған ресми
сайттағы педагогтер туралы мәліметтер бойынша балабақша
Педагогтарының диплом және қайта даярлау дипломдары жайында
ресми сайтта құжаттары жүктелмеген.**

Кемшіліктер түзетілді: Балабақша педагогтарының диплом және
қайта даярлау дипломдары жайында ресми сайтқа құжаттары жүктелді,
Құжаттары балабақша сайтының https://komek-ata-edu.kz/?page_id=660
кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне орналастырылды.

3. Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптар сақталмаған

Кемшіліктер түзетілді: 2023-2024 ож Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымында көрсетілгендей балабақшада жас топтарын қалыптастыру кезіндегі талаптар сәйкестендіріліп, МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарын сақтау арқылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымшасының 26- тармағына сәйкестендірілді.

4. «Педагог мәртебесі» туралы Заңының 15-бабының 3)тармақшасына сәйкес біліктілік санаты Педагогтар 5 жылда бір рет санаттарын растаулары тиіс.Балабақша бойынша бірде бір педагогта санат жоқ.

Кемшіліктер түзетілді: Балабақша педагогтардың санатын көтеру туралы талаптар бойынша анықталған кемшілікті жою бойынша балабақшамызда жоспар құрылып, анықталған кемшілікті жою бойынша жұмыс атқарылуда екенін хабарлаймыз. https://komek-ata-edu.kz/?page_id=660 Құжаттары балабақша сайтының кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне орналастырылды.

5. «Көмек ата» бөбекжай-балабақшасының штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2023 жылғы 21 шілдедегі №224 бұйрығының 1-тарау, 8-тармақшасына сәйкестендірілмеген.

Кемшіліктер түзетілді: Балабақшаның штат кестесі балабақша сайтының https://komek-ata-edu.kz/?page_id=660 кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне орналастырылды.

Балабақша меңгерушісі:

Зия А.Зиябекова **А.Зиябекова**

